

**Астрахан ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 7 "Астрахан ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерінің мемлекеттік тапсырысын бекіту туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 133 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 8 шілдеде № 4861 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Астрахан ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Астрахан ауданы әкімдігінің «Астрахан ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерінің мемлекеттік тапсырысын бекіту туралы» 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 7 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4645 тіркелген, аудандық «Маяк» газетінде 2015 жылғы 27 ақпанда жарияланған) келесі толықтыру енгізілсін:

қаулы келесі мазмұндағы 4 тармақпен толықтырылсын:

«Осы қаулының әрекеті туындаған 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап құқықтық қ а т ы н а с т а р ғ а т а р л а д ы »

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Қ. Қ о ж а х м е т к е ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Астрахан ауданының әкімі*

*Т.Ерсейітов*